

**«№9 «Колтоған» жалпы орта білім беретін мектебінің» директоры
Қ.Турсынбекова мектеп жанынан құрылған қамқоршылық кеңеске 2021-
2022 оқу жылының І-жарты жылдығына берген есебінің хаттамасы.**

Амангелді ауылы
29.12.2021ж

Қатысқаны – 76

Күн тәртібінде:

- 1 Қамқоршылық кеңестің 2021-2022 оқу жылының І-жарты жылдығына берген есебі
- 2 Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет.
(ДТЖЖО)
- 3 Түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Сапалы оқыту және өздігінен оқып, білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Сондықтан оқу-әдістемелік жүйесін дамыту қашан да өзекті мәселе.

Осы бағытта аудандағы жетекші мектептер оқу-әдістемелік, ғылыми-практикалық, тәжірибелік әдістемелік қолдау шараларын үздіксіз жүргізеді. НЗМ ДББҰ, ПШО-ның тәртіптемесіне сәйкес PISA, мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу, тапсырмаларды әзірлеу және сараптау, бейін бойынша біліктілік арттыру курстарына жетекші мектептердің мұғалімдері біліктілік арттырды. Мұғалімдер 2021 жылы оқушылардың ғылыми-жаратылыстану және оқу сауаттылығын, сындарлы ойлауын дамыту, креативті ойлауын дамыту бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мақсатында:

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында» –6 мұғалім;

Педагогикалық шеберлік орталығының базасында –2 мұғалім өз біліктіліктерін арттырды. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, олардың кәсіби және әдістемелік дайындығына байланысты, аудандық әдістемелік кабинеті тарапынан оқу ордаларына тұрақты түрде әдістемелік қолдау көрсетіліп тұрады. Мұғалімдерге көрсетілген әдістемелік қолдаулардың нәтижесінде білім алушылардың жетістігі артып отыр.

«Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» байқауының аудандық кезеңінде 1 оқушы 3-орын алды.

«Республикалық балалар оқулары» байқауының аудандық кезеңінде 1 оқушы 3-орын алды.

8-11 сынып оқушыларына арналған шығармашыл оқушылар арасындағы

«Ақберен» республикалық өнер байқауының І аудандық кезеңінде 2 оқушы 1-орын, 1 оқушы 3-орынға ие болды.

2022-2023 оқу жылында 9-сыныптардан 60 оқушы бітіріп, 2 оқушы үздік аттестат алды. 11-сыныпта 43 оқушы бітіріп 4 оқушы үздік аттестат алып,ҰБТ дан 100 балдан жоғары жинап ақтады. 43 оқушыдан 32 оқушы ҰБТ тапсырып 5 оқушы 100 балдан жоғары жинады.ҰБТ ға қатысу көрсеткіші 74,4%. Жоғары көрсеткіш. 1-қыркүйек «Білім күні» мерекесіне арналған «Мектебім –мейірім мекені» атты үлкен көлемде іс-шара өтті.

8-қыркүйек. Республикалық бірыңғай «Дене сергіту» жаттығу чөлентжі өткізілді
«Жер- 2021» Республикалық командалық штабтық оқу жаттығуы. 11- қыркүйек сағат 10:00де мектепішілік «Баршаның назарына» құлақтандыру дабылы іске қосылып, мектеп бойынша жалпыға бірдей сейсмо жаттығу өткізілді.

12-қыркүйек.Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165-жыл толуына байланысты «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени ағартушылық жобасын іске асыру мақсатында ақындар айтысы өтті.

Мектебімізде ата-аналар комитеті,Әкелер мектебі және Ата-аналарды қолдау орталығы құрылып жұмыс атқаруда.

Мектебіміздегі атқарылған барша іс- шаралар әлеуметтік желілерге жарияланып отырды.

Шешім:

1. Маңызды да өзекті, болып табылатын бала тәрбиесінің дұрыс жолға қойылуын қадағалансын.

Төрағасы:

Мүшелері:

Хатшы:



А.Аханов

А.Бейсенов

Е.Мырзабеков

Н.Ахжигитов

М.Оңғар